



## ONLINE EXPO-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСЫ

### Құрметті жаңашылдар мен өнертапқыштар!

«Онлайн ЭКСПО-2017» порталының инновациялық конкурсына қатысуға шақырамыз.

«Онлайн ЭКСПО-2017» жобасы дегеніміз - әлемдік жаңашылдық жаңалықтың бөлігі болуының шынайы мүмкіндігі, болашақ қуатына өз «теорияңызды» ашып, өз «өніміңізді» қосып еліміздің басына қонған тарихи сәтті бірге бөлісу мүмкіндігі. Аталмыш алаң инвесторлар мен Қазақстан дамыту институттары үшін инновациялық идея банкіне айналмақ.

Конкурс ЭКСПО-2017 көрмесі үшін инновация мен жобаларды алдын ала іріктеуге бағытталған. Ол жыл сайын көрме басталғанға дейін өткізіледі де, қорытындысы бойынша 2015, 2016, 2017 жылдары Астана Экономикалық форумы шеңберінде Мини-Экспо көрмесін ұйымдастыру жоспарлануда.

### Конкурс мына бес бағытта номинация жариялайды:

- қалпына келуші және баламалы қуат көздері;
- дәстүрлі энергетикадағы таза технологиялар (қуатты шоғырландыру және тасымалдау, көмір, көмірсутегі, шахтадағы метан, мұнай өндірудегі қосалқы газдар және басқалар);
- қуат тиімділігі мен қорды сақтау;
- «жасыл» химия және жаңа композициялық экологиялық материалдар, (қатты, сұйық, ауа) қалдықтарды және CO<sub>2</sub> жою;
- Климаттың өзгеруіне бейімделген, CO<sub>2</sub> жұту және метан қалдығын азайтуға әрекет етуші органикалық ауыл шаруашылық, сонымен қатар тұрақты сумен қамту.

«Онлайн ЭКСПО-2017» алаңында заңды және жеке тұлғалардан тапсырыс берулеріне бар жағдай жасалған. «Онлайн ЭКСПО-2017» жобасы Сізге бірден екі конкурсқа қатысуға жол ашады.

1 конкурс – Ұлттық деңгейдегі, тапсырыс қабылданып жатыр және оның қорытындысы 2015 жылғы наурызда белгілі болады. Жеңімпаздар VIII Астана Экономикалық Форумы шеңберіндегі Мини-ЭКСПО-2015ке қатысу мүмкіндігіне ие болады.

2 конкурс – Халықаралық деңгейдегі, тапсырыс 2015 жылғы қаңтардан басталады да 2016 жылдың ортасына дейін жалғасады. «Онлайн ЭКСПО-2017» халықаралық конкурсының жеңімпаздары ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуға жолдама алады.

Жобаның өзіне тән ерекшелігі – модератор мен сарапшылар таңдауынан өткен тапсырыстардың номинация бойынша онлайн режимге шығарылуы.

«Онлайн ЭКСПО-2017» жобасының G-Global ақпараттық-коммуникативтік алаңмен шоғырлануы конкурсқа қатысқан жобалардың әлемнің 170 елінен келетін миллиондаған сарапшылардың назарына ілігуіне мол мүмкіндік береді.

Конкурс шарттары туралы нақты әрі толық ақпаратты С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ 614 кабинетте орналасқан коммерцияландыру офисінен немесе мына мекен жаймен <http://online-expo2017.com> сайтынан ала аласыздар.